

Сәулет-қала құрылысы құжаттамаларына сараптау жүргізудің тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 26 шілде 1994 ж. N 830. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.08.19. N 918 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. N 1 қосымшаға сәйкес сәулет-қала құрылысы құжаттамаларына сараптау жүргізудің тәртібі;

Ескерту. 1-тармақтың 2-ші абзацы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1996.01.24. N 88 қаулысымен.

2. N 3 қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімдерінің күші жойылады деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Құрылыс, Тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен және басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, 2 айлық мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне республика Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкестендіру туралы ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 26 шілдедегі
N 830 қаулысына
N 1 Қосымша

**Сәулет-қала құрылысы құжаттамаларына
сараптау жүргізудің**

ТӘРТІБІ

1. Осы тәртіп "Қазақстан Республикасында сәулет-қала құрылысы бақылауын жетілдіру туралы" және "Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленген және сәулет-қала құрылысы құжаттамаларына ведомстводан тыс сараптау жүргізуді белгілейді, ол құрылыстағы инвестициялардың техникалық-экономикалық

негіздемесін, құрылысқа арналған жобаларды, жұмыс жобаларын, объектілер мен кешендерді қайта жаңарту, кеңейту, техникалық қайта жарақтау және күрделі жөндеуді (бұдан әрі-құрылыс құжаттамасы) қамтитын сәулет-қала құрылысы құжаттамаларына ведомстводан тыс сараптау жүргізуді реттейді.<*>

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.04.26.

№ 514 қаулысымен

2. Құрылыс құжаттамаларын сараптау жүйесі, жобалардың мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамасын Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитеті (бұдан - былай Мемсараптама), оның облыстар орталықтары еншілес кәсіпорындары сараптау жұмыстарын орындауға мемлекеттік лицензиялары бар басқа заңды ұйымдар мен жеке тұлғаларды /бұдан былай - мемлекеттік емес сараптау/ қамтиды.<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1998.04.20. № 353

қаулысымен

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.24. № 632

қаулысымен

3. Меншік нысандары оларды қаржыландыру көздеріне қарамастан барлық объектілер мен кешендер құрылысының құжаттамасы /оны белгіленген тәртіп бойынша бекіткенге дейін/ міндетті сарапталуға жатады.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1996.04.26. № 514

қаулысымен

4. Осы Тәртіпке сәйкес Мемсараптау мен мемлекеттік емес сараптаудың Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі жүйесінің мемлекеттік экологиялық сараптауымен келісілген құрылыс бойынша берген оң тұжырымдары осы құжаттаманы бекітуге негіз болып табылады.<*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1998.04.20. № 353

қаулысымен

5 . < * >

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1996.04.26. № 514

қаулысымен

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1998.04.20. № 353

қаулысымен

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1998.07.09. № 651

қаулысымен

6. Мемлекеттік ұлттық және республикалық мақсатты бағдарламалар, сондай-ақ құрылысы толық немесе ішінара мемлекеттік инвестициялар есебінен жүзеге асырылатын аса ірі және бірегей объектілер жобаларын сараптау Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі

агенттігі мен Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитетінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылатын сараптау комиссиялары жүргізеді, оларға ғылыми, қоғамдық және басқа ұйымдардың өкілдері, ал қажет болған жағдайда шет елдік мамандар да енгізіледі.<*>

Аталған бағдарламалар мен жобаларды сараптау комиссияларының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітеді.

Объектілерді ірі және бірегей объектілер қатарына жатқызу тәртібін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі мен Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитеті анықтайды.<*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1996.04.26. N 514 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1998.04.20. N 353 қаулысымен .

7. Аудандық жоспарлау схемалары мен жобалары, елді мекендердің бас жоспарларының, нақты жоспарлау мен құрылыс салу жобаларын басқа жобалау-жоспарлау құжаттамаларын мемлекеттік сараптау Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі белгілейтін тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

8. Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасының кепілдігіне берілетін толық немесе ішінара мемлекеттік бюджет, арнаулы мемлекеттік қорлар, банк кредиті, мемлекеттік валюта қаражаты мен инвестициялық кредиттер есебінен, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражаттары есебінен салынатын объектілер мен кешендер құрылысының құжаттамасын мемлекеттік сараптауды (қажет болған жағдайда министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден мамандар тарта отырып):

базалық бағада сметалық (есептік) құны 10 млн. теңге және одан жоғары ал Ақмола және Алматы облыстары мен Астана және Алматы қалаларында сметалық (есепті) құнына қарамастан болатын, объектілер мен кешендер бойынша - Мемсараптама; <*>

базалық бағада сметалық (есептік) құны 10 млн. теңгеге дейін болатын объектілер мен кешендер бойынша - Мемсараптаманың еншілес кәсіпорындары; үлгілік, эксперименттік, қайта бекітілген жобалар және үлгілік жобалық шешімдер бойынша - Мемсараптама жүзеге асырылады.<*>

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1996.04.26. N 514 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.24. N 632 қаулысымен .

9. Мемсараптама қаржыландыру көздеріне, оның ішінде бірлескен және

шетелдік субъектілермен салынып жатқан объектілер мен кешендердің құрылыс құжаттамасын өрт-жарылыс қауіпсіздігі, конструкциялардың беріктігі мен олардың жұмыс істеуінің тұрақтылығын, сондай-ақ еңбек шарттары мен еңбекті қорғау жағынан қарастырады. <*>

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1996.04.26. N 514 қаулысымен .

10. Мемлекеттік инвестицияларды тартусыз қаржыландырылатын объектілер мен кешендердің құрылыс құжаттамасы сараптау жұмыстарын орындауға мемлекеттік лицензиясы бар заңды және тұлғалардың міндетті сараптауына жатады. <*>

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1996.04.26. N 514 қаулысымен .

11. Сараптау жасаудың мерзімдерін, сараптау органдарына берілетін құрылыс құжаттамаларының құрамын, оның сапасын бағалау критерийін, сараптау тұжырымының құрамы мен мазмұнын, сондай-ақ құрылыс құжаттамасын бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі белгілейді. <*>

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.04.26. N 514 қаулысымен .

12. Тапсырыс берушілер мен сараптау органдары арасында туатын даулар Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі бекіткен оларды шешу тәртібі туралы ережеге сәйкес қаралады. Даулы мәселелер бойынша қабылданған шешімдермен келісілген жағдайда арыз жасаушылар сот органдарына жүгінуге құқылы.

13. Өкімет билігінің атқарушы органдары мен мемлекеттік басқару органдарының құрылыс құжаттамаларын сараптау жүйесі кәсіби қызметіне араласуға құқығы жоқ. <*>

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.04.26. N 514 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 26 шілдедегі
N 830 қаулысына
N 2 Қосымша

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы

Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау департаменті туралы ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі жанындағы Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау департаменті - /бұдан былай - Мемсараптау/ министрлік өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасы халық шаруашылығының барлық салаларының кәсіпорындарын, үйлерін және ғимараттарын салудың, қайта құрудың, кеңейтудің, техникалық жағынан жарақаттандырудың және күрделі жөндеудің техникалық-экономикалық негіздемелерін, техникалық-экономикалық есептеулерін, жобаларын /жұмыс жобаларын/<*> сараптауды дербес жүзеге асырушы өкімет билігінің орталық органы болып табылады<*>.

<*>. Одан әрі - "Құрылыс құжаттамасы" деп аталады.

2. Мемсараптаудың құрамына оның аумақтық бөлімшелері болып табылатын облыстық, Алматы және Ленинск қалалық жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау басқармалары /бюролары/ кіреді.

Мемсараптау Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі бекітетін еңбекке ақы төлеу шартымен өзін-өзі қаржыландыру принциптері негізінде жұмыс істейді.

3. Мемсараптау, оның аумақтық бөлімшелері шартты негізде осы қаулыға N 1 қосымшада келтірілген Сәулет-қала құрылысы құжаттамаларын сараптауды жүзеге асырады.

4. Мемсараптау өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін осы Ережені, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын басшылыққа алады.

5. Мемсараптау мен оның басқармаларының /бюроларының/ құрылыс құжаттамалары жөніндегі тұжырымдары оларды белгіленген тәртіпте бекітуге арналған негіздеме болып табылады.

6. Мемсараптаудың басты міндеттері мыналар болып табылады: нормативтік актілердің қала құрылысы, зілзаладан қорғау, өрт-жарылыс, экологиялық, санитарлық-гигиеналық талаптарына, сондай-ақ еңбек жағдайы мен еңбекті қорғау жөніндегі нормалар мен ережелерге сай болуын анықтау мақсатында құрылыс, соның ішінде шетелдік инвестициялардың қатысуымен салынып жатқан құрылыстар құжаттамаларына кешенді сараптау жүргізу; республиканың әлеуметтік-экономикалық әлеуеті дамуының жайы мен

серпінін, оның дүниежүзілік озық деңгейге сай болуын, бәсекеге қабілетті өнімдер шығаруды қамтамасыз етуді, ресурстар мен шикізаттардың барлық түрлерін ұтымды пайдалануды, мемлекеттік инвестициялар есебінен салынып жатқан объектілер бойынша кіріс алу және кредиттерді өтеу мүмкіншіліктерін анықтауды ескеріп, құрылыс құжаттамаларына сараптамалық баға беру;

құрылыс құжаттамаларында заң мен нормативтік актілердің, мемлекеттік инвестициялық саясаттың негізгі бағыттарының сақталуына, объектілер құрылысы мәселелерінің кешенді шешілуіне, құрылыстың техникалық-экономикалық көрсеткіштері мен құндарының /базистік деңгейдегі/ р а с т ы ғ ы н а б а қ ы л а у ж а с а у ;

құрылысты одан әрі жобалау мен салуда сараптама ұсыныстарының жүзеге а с ы р ы л у ы н б а қ ы л а у .

7. Мемсараптау қабылданған жобалық шешімдер бойынша сараптамалық бағалаудың объективтілігі, сараптау жүргізудің белгіленген мерзімдерінің сақталуы, құрылыс құжаттамаларын бекіту, пысықтау немесе қабылдамай тастау жөніндегі тұжырымдардың негізділігі үшін заңмен белгіленген тәртіп бойынша ж а у а п б е р е д і .

8. Мемсараптау жүктелген міндеттерге сәйкес:

республика халық шаруашылығының барлық салаларында мемлекеттік инвестициялардың есебінен немесе оның қатысуымен жүзеге асырылатын құрылыстың құжаттамаларының кешенді сараптамасын белгіленген тәртіпте ж ү р г і з е д і ;

үлгілі эксперименттік жобалар мен үлгілі жобалық шешімдердің, сондай-ақ техникалық-экономикалық көрсеткіштер мен жобалық шешімдердің өзгеруіне байланысты қайта бекітуге жататын сараптауын жүргізеді;

тапсырыс жасаушылардың өтініші бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес инвестициялар есебінен қаржыландырылатын объектілер құрылысының құжаттамалары бойынша шартты бағаларға тұжырым береді;

салалар мен аймақтар шегінде құрылыс құжаттамаларын сараптаудың нәтижелерін қорытып, талдайды, жобалау-смета ісі саласын жақсарту жөнінде ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е й д і ;

құрылыстың ірі де күрделі объектілерінің жобаларын қарау жөніндегі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімімен құрылатын сараптау комиссияларының жұмысын ұйымдастырады және олар бойынша жиынтық сараптама тұжырымдарын рәсімдейді және шығарады;

жүргізілетін сараптаудың жоғары кәсіптік ғылыми-техникалық деңгейін қамтамасыз ету үшін құрылыс құжаттамаларын жобалау мен сараптаудың озық отандық және шетелдік тәжірибесін жан-жақты зерттеуді, қорытуды және т а р а т у д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

заң актілерін, жобалау жөніндегі нормалар мен ережелерді бұзу фактілері бойынша қаржыландырушы банкілерге ұйғарымдамалар береді; өз құзыры шегінде сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырады.

9. Мемсараптаудың мыналарға құқы бар: жүргізілген сараптаудың нәтижелері бойынша құрылыс құжаттамаларын қабылдамай тастауға немесе пысықтауға қайтаруға;

Құрылыс мемлицензияның ұсыныстары бойынша сараптау жүргізуге лицензиясы бар заңды ұйымдар мен жеке тұлғалардың жұмысына, оның мақсатты міндеттерге сай болуына ішінара бақылау жүргізуге ; контрактілік және тендерлік құжаттамаларды сараптауға қатысуға; министрліктер мен ведомстволардан, жергілікті әкімдерден, холдинг компанияларынан, бірлестіктерден, концерндерден, ассоциациялардан және шаруашылық жүргізуші басқа субъектілерден Мемсараптауға жүктелген міндеттерді орындауға байланысты мәселелер бойынша материалдарды сұратуға;

заңды ұйымдар мен жеке тұлғалардың құрылыс құжаттамаларына сараптау жүргізу құқығын лицензиялауға, сондай-ақ олардың осы құқықтарын тоқтатуға немесе айыруға байланысты мәселелерді шешуге қатысуға;

өз құзыры шегінде министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті әкімдердің және шаруашылықты жүргізуші субъектілердің орындауы үшін міндетті нұсқамалық және әдіснамалық құжаттар, құрылыс құжаттамаларын сараптау мәселелері бойынша басқа материалдар әзірлеуге және басып шығаруға ;

министрліктердің, ведомстволардың, ғылыми-зерттеу, конструкторлық, жобалау, қоғамдық және басқа ұйымдардың жетекші ғалымдары мен жоғары білікті мамандарын, соның ішінде шетелдердің ғалымдары мен мамандарын шартты негізде сараптаушы ретінде тартуға, қажет болған жағдайларда уақытша с а р а п т а у ұ ж ы м д а р ы н құ р у ғ а ;

сараптаушылардың дербес құрамы, оларды сараптау қызметіне тарту деңгейлері мен нысандары, олар құрылыс құжаттамалары бойынша жүргізген сараптаудың сапасы, саны мен тиімділігі жөніндегі рейтинг бойынша деректер б а н к і н қ а л ы п т а с т ы р у ғ а ;

жобалау барысында нормативтік актілердің өрескел бұзылғаны үшін заң ұйымдары мен жеке тұлғалардың құжаттамаларды сараптауын жүзеге асыру және жобалау жұмыстарының тиісті түрлерін орындау құқықтарына лицензиялардың қолданылуын уақытша тоқтата тұру немесе күшін жою қажеттігі туралы сәулет-қала құрылысы қызметін лицензиялау органдарына х а б а р ж і б е р у ғ е ;

жүргізілген сараптаудың нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының

Министрлер Кабинетіне, республиканың министрліктері мен ведомстволарына, облыстар, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне салалар мен аймақтар шегінде жобалау-сметалық ісін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды енгізуге;

құрылыс құжаттамаларында заң мен нормативтік актілердің бұзылуы болған жағдайда құрылысты доғару немесе тоқтата тұру қажеттігі туралы республика министрліктері мен ведомстволарына, жергілікті әкімдерге, тапсырыс жасаушыларға ұсыныстар жіберуге;

сәулет-қала құрылысы қызметі саласында заң актілері мен мемлекеттік нормативтердің бұзылуына жол берген азаматтарға - шаруашылық жүргізуші субъектілер мен лауазымды адамдарға - әкімшілік ықпал жасау шараларын қолдануға;

банкiлердiң қаржыландырушы мекемелер тарапынан құрылысты қаржыландыру мен кредиттеу ережелерін бұзу фактілері туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкiне хабарлауға;

құрылыстың әзірленген құжаттамалары мен сапасының төмен болуына, құрылыс жөніндегі заң мен нормативтік актілердің бұзылуына кінәлі жеке тұлғалар мен заңды ұйымдарға шаралар қолдану үшін банкiлердiң қаржыландырушы мекемелеріне ұйғарымнама беруге;

сараптау және жобалау-сметалық ісін жетілдіру мәселелері бойынша конференциялар мен мәжілістер шақыруға.

10. Мемсараптаудың және оның аумақтық бөлімшелерінің қаржы-шаруашылық қызметі "Кәсіпорындар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының тиісті баптарының негізінде жүзеге асырылады.

11. Мемсараптаудың бастығын Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті, ал облыстық, Алматы және Ленинск қалалық басқармалары /бюролары/ бастықтарын - тиісті облыстар және қалалар әкімдерімен келісе отырып Мемсараптаудың бастығы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

12. Мемсараптау бастығының орынбасарларын Мемсараптау бастығының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

13. Мемсараптаудың бастығы:

Департамент жұмысын ұйымдастырады, осы Ережемен белгіленген міндеттер мен функцияларды орындау жөніндегі оның қызметіне дербес жауап береді;

өз орынбасарларының және құрылымдық бөлімшелері жетекшілерінің арасында міндеттерді бөледі;

мемлекеттік басқару және атқарушы өкімет билігі органдарында,

кәсіпорындар мен ұйымдарда Департамент мүддесін білдіреді;
Департаменттің құрылымы, шығындар сметасын және штат кестесін бекітеді;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мүлікке, қаржы қаражатына иелік етеді және сенімхат, соның ішінде оны аударып беру құқығымен сенімхат береді, банкілерде есеп айырысу және басқа да шоттар ашады, қаржы тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді;

Департамент қызметкерлерін көтермелеу мен жазалау, оларға материалдық көмек көрсету мәселелерін шешеді;

Департаменттің шаруашылық қызметінің экономикалық нормативтерін және негізгі көрсеткіштерін бекітеді;

өз құзыры шегінде Департаменттің барлық бөлімшелері орындауға міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

аумақтық бөлімшелердің қызметі туралы есептерді қарайды және бекітеді.

Мемсараптауда мына құрамдағы сараптау кеңесі жұмыс істейді: Кеңестің төрағасы - Департамент бастығы, Кеңестің мүшелері - Департамент бастығының орынбасарлары мен бөлім бастықтары, Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің, республика министрліктері мен ведомстволарының, жобалау және ғылыми-зерттеу ұйымдарының жоғары білікті мамандары. Сараптау Кеңесінің дербес құрамын және ол туралы ережені Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрі бекітеді.

14. Жобалардың мемлекеттік ведомстводан тыс сараптаудың облыстық, Алматы және Ленинск қалалық басқармалары /бюролары/ туралы ережені тиісті облыстар және қалалар әкімдерімен келісе отырып, Мемсараптау бастығы бекітеді.

15. Мемсараптау заңды ұйым болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде атауы жазылған мөрі болады.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 26 шілдедегі
N 830 қаулысына
N 3 Қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші
жойылған шешімдерінің**

ТІЗБЕСІ

1. "Республикалық және жергілікті басқару органдарына бағынысты кәсіпорындар, үйлер және ғимараттар құрылысының жобалары мен

сметаларының сараптамасын жетілдіру туралы" СССР Министрлер Советінің 1987 жылғы 23 шілдедегі N 841 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1987 жылғы 26 тамыздағы N 400 қаулысы /Қазақ ССР ҚЖ - ы, 1987 жыл, N 21, 86-бап/.

2. "Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитеті жанындағы Мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау бас басқармасы туралы Ережені бекіту туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1988 жылғы 29 шілдедегі N 380 қаулысы /Қазақ ССР ҚЖ - ы, 1988 жыл, N 20, 109-бап/.

3. "Құрылыстардың жобалау-сметалық құжаттамаларының титулдық тізімдерінің сараптамасы мен бекіту және құрылысы аяқталған объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияларды құру тәртібі туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1991 жылғы 22 мамырдағы N 318 қаулысының "ТЭН, ТЭЕ және жобалар /жұмыс жобалары/ сараптамасы және оларды бекіту" бөлімі /Қазақ ССР ҚЖ-ы, 1991 жыл, N 15, 91-бап/.

4. "Қазақ ССР Үкіметінің күрделі құрылыс мәселелері жөніндегі кейбір шешімдерін өзгерту және күші жойылған деп тану туралы" Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 30 тамыздағы N 506 қаулысымен бекітілген "Қазақ ССР Үкіметінің шешімдеріне енгізілген өзгерістердің" 2 және 3 -тармақтары /Қазақ ССР ҚЖ-ы, 1991 жыл, N 20, 147-бап/.

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі кейбір шешімдерін өзгерту және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 9 қазандағы N 856 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің" 9-тармағы /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 39, 590-бап/.